

"Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлік субъектілерін оқыту" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 30 мамырдағы № 46 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 30 мамырда № 20788 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 26 қазандағы № 75 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 26.10.2022 № 75 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес, **БҮЙЫРАМЫН:**

1. "Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлік субъектілерін оқыту" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары бекітілсін.

2. Кәсіпкерлікті дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында жариялауды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 1), 2) және 3) тармактарында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

R. Даленов

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрінің

"Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлік субъектілерін оқыту" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы "Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлік субъектілерін оқыту" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Бизнестің жол картасы – 2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) шеңберінде кәсіпкерлік субъектілерін оқыту" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпараттық субсидиялау жүйесі – мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну процестерін орындау бойынша қызметтер көрсетуге арналған, "электрондық үкімет" веб-порталымен өзара іс-қимыл жасауға, өтінішті тіркеуге, сондай-ақ өтініштің мемлекеттік қолдау көрсету шарттарына сәйкестігін автоматты түрде тексеру арқылы оны өндеге мүмкіндік беретін ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсететін персоналдың және техникалық күжаттаманың үйымдастыруышылық-ретке келтірілген жиынтығы;

2) "Бизнеске арналған үкімет" сервисінің веб-порталы – "бірыңғай терезе" қағидаты бойынша кәсіпкерлерге мемлекеттік қызметтер көрсету және мемлекеттік қолдау шаралары жөніндегі онлайн-платформа;

3) жеке кабинет – пайдалануышының (кәсіпкердің, уәкілетті органның, қаржылық емес қолдау операторының, "Назарбаев Университеті" дербес білім беру үйімының, қаржы агенттігінің) субсидиялық ақпараттық жүйесіндегі/"Бизнеске арналған үкімет" сервисінің веб-порталындағы дербес веб-парақшасы;

4) кәсіпкер (бұдан әрі – ШОК субъектісі) – өз қызметін 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асыратын шағын және (немесе) орта кәсіпкерлік субъектісі;

5) кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы (бұдан әрі – КҚКО) – облыс орталықтарындағы, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Семей қалаларындағы кәсіпкерлер палаталары жанынан және монодалалардағы, шағын қалалар мен аудан орталықтарындағы облыстар кәсіпкерлерінің палаталары филиалдары жанынан құрылған, кәсіпкерлерге және кәсіпкерлік бастамасы бар халыққа

мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуге және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсынуға, оның ішінде онлайн режимде көрсетуге арналған инфрақұрылымдық кешен;

6) көрсетілетін қызметтерді жеткізуші – субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне/"Бизнеске арналған үкімет" сервисінің веб-порталына қол жеткізуді және оны иеленуші ретінде сүйемелдеуді қамтамасыз ететін тұлға;

7) қаржы агенттігі – Бағдарлама шеңберінде қаржылық қолдауды, сондай-ақ "Шағын және орта кәсіпкерліктің топ-менеджментін оқыту" құралын іске асыруды және мониторингілеуді жүзеге асыратын "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы;

8) қаржылық емес қолдау операторы – "Сыртқы консультанттарды тарту арқылы озық кәсіпорындардың консультациялық жобаларын бірлесіп қаржыландыру (Еуропа қайта құру және даму банкінің (бұдан әрі – ЕҚДБ) Қазақстан Республикасының шағын және орта кәсіпкерлігін қолдау жөніндегі бағдарламасы)", "Шағын және орта кәсіпкерліктің топ-менеджментін оқыту" құрамдауыштарын қоспағанда, Бағдарламаның төртінші бағыты шеңберінде кәсіпкерлерге мемлекеттік қаржылай емес қолдау көрсетуді жүзеге асыратын Ұлттық кәсіпкерлер палатасы;

9) қаржылық емес қолдау операторының веб- порталы – пайдаланушыларға электрондық форматта мемлекеттік қолдаудың қаржылық емес шаралары ұсынылатын қаржылық емес қолдау операторының ақпараттық жүйесі;

10) құрал – Бағдарлама шеңберінде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне көрсетілетін қаржылық емес қолдау шарасы;

11) мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың жүгінуі бойынша немесе жүгінуінсіз жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен занды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі;

12) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты – мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызметті көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі;

13) "Назарбаев Университеті" дербес білім беру ұйымы (бұдан әрі - "Назарбаев Университеті" ДБҰ) – "Бизнестің жол картасы-2025" бизнесі қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлік субъектілерін оқыту" мемлекеттік көрсетілетін қызметінің "Шағын және орта кәсіпкерліктің топ-менеджментін оқыту" құралы шеңберінде кәсіпкерлерге қаржылық емес қолдауды жүзеге асыратын ұйым;

14) уәкілетті орган – кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган;

15) ісін жаңа бастаған кәсіпкер – кредит/лизинг шарты үшін банкке/лизингтік компанияға өтініш берген кезде дара кәсіпкер немесе заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелу мерзімі үш жылдан аз уақытты құрайтын кәсіпкер (ісін жаңа бастаған кәсіпкердің жұмыс істеп тұрған үлестес кәсіпкердің ағымдағы қызметінен ерекшеленетін жаңа қызмет түрін құру шартымен ісін жаңа бастаған/жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлермен үлестес болуына жол беріледі);

16) электрондық өтініш – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қуәландырылған мемлекеттік қолдау алуға өтініш;

17) "электрондық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттар беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің электрондық нысанда көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуіндегі бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе;

18) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦК) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған электрондық цифрлық таңбалардың жиынтығы.

2-тaraу. "Бизнестің жол картасы – 2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлік субъектілерін оқыту" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі

3. "Бизнестің жол картасы – 2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлік субъектілерін оқыту" мемлекеттік қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) "Бизнес-Мектеп" және "Шағын және орта кәсіпкерліктің топ-менеджментін оқыту" құралдары арқылы көрсетіледі.

4. Мына құрал бойынша:

1) "Бизнес-Мектеп" - қаржылық емес қолдау операторы;

2) "Шағын және орта кәсіпкерліктің топ-менеджментін оқыту" - "Назарбаев Университеті" ДБҰ мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушілер болып табылады.

5. Отініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру мына құрал бойынша:

1) "Бизнес-Мектеп" КҚКО, кәсіпкерлікті қолдау орталықтары, қаржылық емес қолдау операторы және "электрондық үкімет" веб-порталы;

2) "Шағын және орта кәсіпкерліктің топ-менеджментін оқыту" қаржы агенттігі және "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

6. Мемлекеттік қызмет қағаз және электрондық нысанда көрсетіледі.

7. Өтінішті қабылдаған және тіркеген сәттен бастап қағаз және электрондық нысанда мемлекеттік қызмет көрсетудің жалпы мерзімі мына құрал бойынша:

1) "Бизнес-Мектеп" - 3 (үш) жұмыс күнін;

2) "Шағын және орта кәсіпкерліктің топ-менеджментін оқыту" - 13 (он үш) жұмыс күнін құрайды.

8. Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызметті көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Бизнестің жол картасы – 2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлік субъектілерін оқыту" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартында келтірілген.

9. Мемлекеттік қызмет өтеусіз негізде мына құрал бойынша:

1) "Бизнес-Мектеп" ісін жаңа бастаған және жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлер үшін, сондай-ақ кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі қолданыстағы бағдарламалар шеңберінде іске қосылмаған жұмыспен қамтылған тұлғалардың жекелеген санаттары үшін;

2) "Шағын және орта кәсіпкерліктің топ-менеджментін оқыту" Бағдарлама шеңберінде экономиканың басым секторларында қызметтің жүзеге асыратын ШОК субъектілерінің жоғары және орта буынының басшыларына көрсетіледі.

10. "Электрондық үкімет" веб-порталы мен субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің/"Бизнеске арналған үкімет" сервисі веб- порталының ақпараттық өзара іс-қимылы "Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Занына сәйкес жүзеге асырылады.

11. Мемлекеттік қызметті электрондық нысанда көрсету мақсатында уәкілетті орган, қаржылық емес қолдау операторы, "Назарбаев Университеті" ДБҰ және қаржы агенттігі ЭЦҚ арқылы тіркеледі және субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде/"Бизнеске арналған үкімет" сервисі веб- порталында жеке кабинет құрады. Уәкілетті орган, қаржылық емес қолдау операторы, "Назарбаев Университеті" ДБҰ және қаржы агенттігі қызметтерді жеткізушиге дербес деректерді қорғау жөніндегі талаптарға сәйкес ЭЦҚ бар өз жұмысқерлерінің езектілендірілген тізімдерін жыл сайын жібереді.

12. Электрондық өтінімде көрсетілетін деректер ақпараттық субсидиялау жүйесінің/"Бизнеске арналған үкімет" сервисі веб- порталының "Занды тұлғалар", "Жеке тұлғалар", "Мүгедектігі бар тұлғалардың орталықтандырылған деректер банкі", "Төлемдерді өндеуді ұйымдастыру" мемлекеттік дереккорларымен және салық органдарының ақпараттық жүйелерімен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталуға жатады.

Көрсетілген ақпараттық жүйелерден деректер автоматты режимде алынбаған жағдайда көрсетілетін қызметті алушы деректерді өз бетінше енгізеді, сондай-ақ растайтын құжаттарды қоса тіркейді.

13. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өтінішті қабылдау және толықтығын тексеру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

14. Көрсетілетін қызметті беруші Заңын 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуі қамтамасыз етеді.

1-параграф. "Бизнес-Мектеп" құралы бойынша мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

15. "Бизнес-Мектеп" құралы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағаз нысандада мынадай тәртіппен көрсетіледі:

1) көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 2-қосымшага сәйкес "Бизнес-Мектеп" құралы бойынша "Бизнестің жол картасы – 2025" бизнесі қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлік субъектілерін оқыту" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің алуға өтініш (бұдан әрі - өтініш) береді;

2) көрсетілетін қызметті беруші өтініш келіп түскен күні осы Қағидаларға 1-қосымшада көзделген тізбеге сәйкес мәніне оларды қабылдауды және ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеруді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 1-қосымшага сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға 3-қосымшага сәйкес құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхатты қағаз жеткізгіште ұсыну арқылы қабылдаудан бас тартады;

3) көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші өтінішті тіркейді және 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігін қарайды;

4) өтініш осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес "Бизнес-Мектеп" құралы бойынша "Бизнестің жол картасы – 2025" бизнесі қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлік субъектілерін оқыту" мемлекеттік қызметтің көрсетуден бас тарту туралы

хабарламаны қағаз жеткізгіште 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсыну арқылы "Бизнес-Мектеп" құралы бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

Өтініш осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес "Бизнес-Мектеп" құралы бойынша "Бизнестің жол картасы – 2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шенберінде кәсіпкерлік субъектілерін оқыту" мемлекеттік көрсетілетін қызметі бойынша оқуға жіберу туралы хабарламаны қағаз жеткізгіште ұсынады.

16. "Бизнес-Мектеп" құралы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет электрондық нысанда "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы мынадай тәртіппен көрсетіледі:

1) көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес ЭЦҚ арқылы қол қойылған "Бизнес-Мектеп" құралы бойынша "Бизнестің жол картасы – 2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шенберінде кәсіпкерлік субъектілерін оқыту" мемлекеттік көрсетілетін қызметін алуға өтініш (бұдан әрі – электрондық өтініш) жібереді;

2) көрсетілетін қызметті беруші электрондық өтініш келіп түскен күні оларды қабылдауды және құжаттардың осы Қағидаларға 1-қосымшада көзделген тізбеге сәйкестігі тұрғысынан толықтырын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолдану мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхатты ЭЦҚ арқылы қол қойылған электрондық құжат нысанында "электрондық үкімет" веб- порталымен өзара іс-қимыл жасасу кезінде ақпараттық субсидиялау жүйесіндегі/"Бизнеске арналған үкімет" сервисі веб-порталындағы жеке кабинет арқылы жіберу жолымен қабылдаудан бас тартады;

3) көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші электрондық өтінішті тіркейді және 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігіне қарайды;

4) электрондық өтініш осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес болмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес "Бизнес-Мектеп" құралы бойынша "Бизнестің жол картасы – 2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шенберінде кәсіпкерлік субъектілерін оқыту" мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны ЭЦҚ арқылы қол қойылған электрондық құжат нысанында "электрондық үкімет" веб- порталымен өзара іс-қимыл жасасу кезінде субсидиялау ақпараттық жүйесіндегі/"Бизнеске арналған үкімет" сервисі

веб-порталындағы жеке кабинет арқылы жіберу жолымен мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

Электрондық өтініш осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес болған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес "Бизнес-Мектеп" құралы бойынша "Бизнестің жол картасы – 2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шенберінде кәсіпкерлік субъектілерін оқыту" мемлекеттік көрсетілетін қызметі бойынша оқуға жіберу туралы хабарламаны ЭЦК арқылы қол қойылған электрондық құжат нысанында "электрондық үкімет" веб- порталымен өзара іс-қимыл жасасу кезінде ақпараттық субсидиялау жүйесіндегі/"Бизнеске арналған үкімет" сервисі веб- порталындағы жеке кабинет арқылы жібереді.

17. Мыналар:

- 1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігінің анықталуы;
- 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін ұсынылған қажетті деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

2-параграф. "Шағын және орта кәсіпкерліктің топ-менеджментін оқыту" құралы бойынша мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

18. "Шағын және орта кәсіпкерліктің топ-менеджментін оқыту" құралы бойынша мемлекеттік қызмет қағаз нысанда мынадай тәртіппен көрсетіледі:

1) көрсетілетін қызметті алушы қаржы агенттігі арқылы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес "Шағын және орта кәсіпкерліктің топ-менеджментін оқыту" құралы бойынша "Бизнестің жол картасы – 2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шенберінде кәсіпкерлік субъектілерін оқыту" мемлекеттік көрсетілетін қызметтін алуға өтініш (бұдан әрі – ШОК топ-менеджментін оқыту құралы бойынша өтініш) береді және "Шағын және орта кәсіпкерліктің топ-менеджментін оқыту" құралын іске асыруға байланысты мониторинг немесе өзге де іс-қимылдарды жүргізу үшін қажетті барлық мәліметтер мен деректерді ұсыну туралы жазбаша міндеттемеге қол қояды;

2) қаржы агенттігі көрсетілетін қызметті алушы жүгінген күні ұсынылған құжаттарды қабылдауды және оларды осы Қағидаларға 1-қосымшада көзделген тізбеке сәйкестігі мәніне толықтырын тексеруді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 1-қосымшада көзделген тізбеке сәйкес құжаттар топтамасын толық емес ұсынған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, қаржы агенттігі осы

Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхатты қағаз жеткізгіште ұсыну арқылы ШОК топ-менеджментін оқыту құралы бойынша өтінішті қабылдаудан бас тартады;

3) көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда қаржы агенттігі ШОК топ-менеджментін оқыту құралы бойынша өтінішті тіркейді және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігі түрғысына 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарайды.

Көрсетілетін қызметті алушының осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, қаржы агенттігі осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес "Шағын және орта кәсіпкерліктің топ-менеджментін оқыту" құралы бойынша "Бизнестің жол картасы – 2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлік субъектілерін оқыту" мемлекеттік қызметтің көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қағаз жеткізгіште ұсыну арқылы мемлекеттік қызметтің көрсетуден бас тартады;

4) көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес болған жағдайда қаржы агенттігі көрсетілетін қызметті алушылардың жиынтық тізімін қалыптастырады және оны уәкілетті органға 1 (бір) жұмыс күні ішінде келісуге жібереді;

5) уәкілетті орган көрсетілетін қызметті алушының осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігі түрғысынан қарайды және көрсетілетін қызметті алушылардың келісілген тізімін "Назарбаев Университеті" ДБҰ-ға және қаржы агенттігіне оқытууды ұйымдастыру үшін 5 (бес) жұмыс күні ішінде жібереді;

6) "Шағын және орта кәсіпкерліктің топ-менеджментін оқыту" құралының көрсетілетін қызметті алушыларының уәкілетті органмен келісілген тізімін алғаннан кейін қаржы агенттігі 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес "Шағын және орта кәсіпкерліктің топ-менеджментін оқыту" құралы бойынша "Бизнестің жол картасы – 2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлік субъектілерін оқыту" мемлекеттік көрсетілетін қызметті бойынша оқуға жіберу туралы хабарламаны не осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес "Шағын және орта кәсіпкерліктің топ-менеджментін оқыту" құралы бойынша "Бизнестің жол картасы – 2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлік субъектілерін оқыту" мемлекеттік қызметтің көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны ұсынады.

19. "Шағын және орта кәсіпкерліктің топ-менеджментін оқыту" құралы бойынша мемлекеттік қызмет "электрондық ұкімет" веб-порталы арқылы электрондық нысанда мынадай тәртіппен көрсетіледі:

1) көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ арқылы қол қойылған осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес "Шағын және орта кәсіпкерліктің топ-менеджментін оқыту" құралы бойынша "Бизнестің жол картасы – 2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шенберінде кәсіпкерлік субъектілерін оқыту" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің алуға өтінішті (бұдан әрі – ШОК топ-менеджментін оқыту бойынша электрондық өтініш) жібереді;

2) қаржы агенттігі электрондық өтініш түскен күні оларды қабылдауды және ұсынылған құжаттардың осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкестігі тұрғысынан толықтырын тексеруді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес мәліметтерді және (немесе) құжаттарды толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, қаржы агенттігі осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхатты ЭЦҚ арқылы қол қойылған электрондық құжат нысанында "электрондық үкімет" веб-порталымен өзара іс-қимыл жасасу кезінде ақпараттық субсидиялау жүйесіндегі/"Бизнеске арналған үкімет" сервисі веб-порталындағы жеке кабинет арқылы жіберу жолымен қабылдаудан бас тартады;

3) көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, қаржы агенттігі ШОК топ-менеджментін оқыту бойынша электрондық өтініш электрондық өтінішті тіркейді және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігін 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарайды.

Көрсетілетін қызметті алушының осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, қаржы агенттігі осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес "Шағын және орта кәсіпкерліктің топ-менеджментін оқыту" құралы бойынша "Бизнестің жол картасы – 2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шенберінде кәсіпкерлік субъектілерін оқыту" мемлекеттік қызметтің көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны ЭЦҚ арқылы қол қойылған электрондық құжат нысанында "электрондық үкімет" веб-порталымен өзара іс-қимыл жасасу кезінде ақпараттық субсидиялау жүйесіндегі/"Бизнеске арналған үкімет" сервисі веб-порталындағы жеке кабинет арқылы жіберу жолымен мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады;

4) көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес болған жағдайда, қаржы агенттігі 1 (бір) жұмыс күні ішінде уәкілетті органға келісуге ШОК топ-менеджментін оқыту бойынша электрондық өтінішті жолдайды;

5) уәкілетті орган 5 (бес) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

Уәкілетті орган көрсетілетін қызметті алушының осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкесіздігін анықтаған жағдайда, қаржы агенттігі

көрсетілетін қызметті алушыға 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес "Шағын және орта кәсіпкерліктің топ-менеджментін оқыту" құралы бойынша "Бизнестің жол картасы – 2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлік субъектілерін оқыту" мемлекеттік қызметтің көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны ЭЦҚ арқылы қол қойылған электрондық құжат нысанында "электрондық үкімет" веб-порталымен өзара іс-қимыл жасасу кезінде ақпараттық субсидиялау жүйесіндегі/"Бизнеске арналған үкімет" сервисі веб- порталындағы жеке кабинет арқылы жіберу жолымен мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады;

6) уәкілетті орган ШОК топ-менеджментін оқыту бойынша электрондық етінішті келіскең жағдайда, қаржы агенттігі 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес "Шағын және орта кәсіпкерліктің топ-менеджментін оқыту" құралы бойынша "Бизнестің жол картасы – 2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлік субъектілерін оқыту" мемлекеттік көрсетілеттің қызметі бойынша оқуға жіберу туралы хабарламаны ЭЦҚ арқылы қол қойылған электрондық құжат нысанында "электрондық үкімет" веб- порталымен өзара іс-қимыл жасасу кезінде ақпараттық субсидиялау жүйесіндегі/"Бизнеске арналған үкімет" сервисі веб- порталындағы жеке кабинет арқылы жібереді.

20. Мыналар:

- 1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілеттің қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігінің анықталуы;
- 2) көрсетілеттің қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;
- 3) мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілеттің келісу туралы сұрау салуға уәкілетті органның теріс жауабын, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысын алу мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болып табылады.

3-параграф. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселесі бойынша көрсетілеттің қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

21. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселесі бойынша көрсетілеттің қызметті берушілердің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым осы Қағидаларға 1-қосымшаның 10-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілеттің қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

22. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Заңның 4-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес сотқа жүгіне алады.

"Бизнестің жол картасы-2025"
бизнесті қолдау мен дамытудың
мемлекеттік бағдарламасы
шенберінде кәсіпкерлік
субъектілерін оқыту"
мемлекеттік қызметтің көрсету
қағидаларына
1-қосымша

"Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шенберінде кәсіпкерлік субъектілерін оқыту" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандарты

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	1. "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы – "Бизнес-Мектеп" құралы бойынша" (бұдан әрі – 1-ші көрсетілетін қызметті беруші) 2. "Назарбаев Университеті" дербес білім беру үйімі – "Шағын және орта кәсіпкерліктің топ-менеджментін оқыту" құралы бойынша (бұдан әрі – 2-ші көрсетілетін қызметті беруші)
